

Мерекелік құттықтау

Құрметті арыстықтар!
Қадірлі теміржолшылар!

Мерейлі мерекелеріңіз құтты болсын!

Арыстықтар үшін шілде мен тамыз айының тоғысқан алғашқы аптасында Қала күні мен теміржолшылардың төл мерекесі қатар тойлануы үрдіске айналған қуаныш. Арыс – ежелден аңыз-жырларға толы, абыздар мен құдық көмей өнер сұлейлерінің, жастығын ерлікпен шыңдаған алтын жұлдызды хас батырлар мен еңбек ерлері өткен киелі жер. Ежелден Орта Азия қақпасы, тоғыз жолдың торабына айналған, әйгілі Сыр мен Арыс өзенін тел еміп, Шәмші әнімен әлемге аты жайылған арайлы қаланың еңбексүйгіш халқы осы күнді асыға күтеді. Құстың қос қанатындай қабысқан қос мерекесі – халықты бірлікке, берекеге ұйытады. Ынтымағы ұйып, сыйластығы жарасқан арыстықтар қай кезде де ұлтымызға тән бауырмалдық пен адамгершіліктің, асыл қасиеттер мен шынайы мейірдандықтың асқан өнегесін көрсетіп келеді.

1956 жылғы 31 шілдеде Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының Жарлығымен Арыс қала мәртебесін алды. Содан бері өндірісі өркендеген Арыс қаласы Орта Азия қақпасына айналып, тоғыз жолдың торабындағы ел экономикасын дамытудың ең маңызды орталықтарының бірі болып келеді. Темір жол қай кезде де экономиканың күретамыры. Осыны жақсы түсінген Арыс қаласының халқы заман талабына сай еңбек етіп, өз міндеттерін биік деңгейде орындауда.

Қадірменді арыстықтар!

Сіздер Президентіміздің Жолдауын қолдап, қаламыздың әл-ауқатының жақсаруына, татулық пен достықтың, имандылық пен парасаттылықтың, өнер мен мәдениеттің және ел экономикасының дамуына өз үлестеріңізді қосып келесіздер.

Арыс станциясы – Қазақстан темір жолының ең маңызды стратегиялық объектілерінің бірі. Осы жерден жолаушылар жаңа өмірге, жаңа істерге және жаңа өзгерістерге жол тартады. Бүгінде Үкімет өз тарапынан отандық темір жол саласын дамытуға және оның тиімді жұмыс істеу мәселесіне ерекше назар аудартып отыр.

Құрметті қала тұрғындары мен теміржолшылар!

Сіздерге әр атқан таңдарыңыз қуаныш сыйлап, атқарған еңбектеріңіздің адал наны бұйырсын. Осы мерекелі күнде Сіздерге мықты денсаулық, толайым табыс, отбасылық амандық және несібелі жетістіктер тілейміз!

Қ.МАҢҚАРАЕВ,
қала әкімі.
Қ.АХМЕТОВ,
мәслихат төрағасы.

Қос мерекесі – киелі Арыс тұяқтары

Yrys aldy - yntymaq

А Р Ы С ағсағаты



Gazet
1935
jyldan
shygady

Respublikalyq aqparattyq-saraptamalyq, mádeni-tanymdyq gazet

№31 (6493) 2 тамыз 2025 j.

Қала және теміржолшылар күні құтты болсын! ЖЕРҰЙЫҚ, ҚҰТ МЕКЕН, ҚҰТ ҚОНЫС

Қала күні мерекесіне – тарту

ЖИДЕЛІДЕ КӨЛ-КӨСІР ҚУАНЫШ

ШАЛҒАЙ АУЫЛҒА ТАБИҒИ ГАЗ
БЕРІЛІП, ТҮРҒЫНДАР ҚУАНЫШҚА КЕНЕЛДІ



Қала күні мерекесінде қаламызға қарасты ең шалғай орналасқан ауылдардың бірі – Жиделіде көптен күткен қуанышты оқиға орын алды. Ауыл тұрғындарының тұрмысын мейлінше жеңілдететін табиғи газ жүйесі іске қосылды. Шараға қала әкімі Қайсар Маңқараев, қалалық мәслихат төрағасы Қайрат Ахметов, мердігер мекеме өкілдері мен сала мамандары, сондай-ақ, ауыл тұрғындары қатысты. Шаһар басшысы ауыл халқына ізгі тілегін жеткізіп, бұл бастаманың ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуына тың серпін беретінін атап өтті. Ауыл ақсақалдары мен тұрғындары да бұл игілікті істің жалғасын таба-рына сенім білдіріп, ауылға жасалып жатқан қамқорлыққа ризашылығын білдірді. Жоба аясында ауылдағы 311 абонент, яғни, 2,5 мыңнан астам тұрғын көгілдір отынға қосылу мүмкіндігіне ие болды. Бұл, әсіресе, қыс мезгілінде отын тасу мәселесі қиындық тудыратын Жиделі тұрғындары үшін үлкен жеңілдік. Айта кетейік, бұған дейін Байыркұм мен Көкжиде елді мекендері көгілдір отынға қосылған болатын. Ендігі кезекте Аққала ауылын газдандыру бойынша қарқынды жұмыстар жүргізілуде.

ҚАЛА мен АУЫЛДАРДА

17 жаңа балалар ойын алаңшасы
салынып, 3 футбол алаңшасы жаңартылуда

Тұрғындармен өткен кездесулерде жиі көтерілетін мәселелердің бірі – балалар ойын алаңшаларын салу қажеттілігі. Осыған байланысты шаһар басшысы Қайсар Маңқараевтың тапсырмасына сәйкес, биыл қаламызда 17 жаңа балалар ойын алаңшасын орнату жұмыстары қолға алынды.

Аталған нысандардың 10-ы қала аумағында орналасса, қалған 7 ойын алаңшасы ауылдық елді мекендерде бой көтеруде. Барлық алаңшалар заманауи талаптарға сай, балалардың қауіпсіздігі мен белсенді дамуына лайықталған.

Сонымен қатар, биылғы жылы қаладағы Сүлейменов



көшесінде орналасқан футбол алаңшасына, сондай-ақ, Монтайтас пен Жиделі ауылдық округтеріндегі футбол алаңшаларына жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Бұл жұмыстар қаламыздағы балалар мен жас-

өспірімдерге қолайлы орта қалыптастыру, салауатты өмір салтын насихаттау және бос уақытын тиімді өткізуге мүмкіндік беру мақсатында жүзеге асырылуда.

«Арыс ақиқаты».

Ақпарат

Фибратты шара

Ағын сумен жарыса аққан уақыт әр кезде өз естелігімен ерекшеленеді. Адам қартайса да – көңіл қартаймайды, қалам барда – ой тоқтамайды. Қалалық Ардагерлер орталығында ұлы ақын Абай Құнанбаевтың 180 жылдығына орай Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, Арыс қаласының «Құрметті азаматы», бірнеше жинақтардың авторы Еркеев Жаңабай Елқайұлының «Тағзым» атты жаңа жинағының тұсаукесер кеші өтті. Шараға Абай атындағы орталықтандырылған кітапхана ұжымы «Қазыналы елдің қариясы» және «Ұлт руханиятының асқар биігі» тақырыбында кітап көрмесін арнайы ұйымдастырды.

ҚАЛАМҒЕР ҚАРИЯНЫҢ жаңа кітабының тұсауы кесілді



Көрмеге сексеннің ортасына табан тіреген қарт қаламгер Жаңабай Елқайұлының шығармашылығына арналған «Өз елінің пайғамбар перзенті», «Алтыбай ақын туралы», «Арыстағы ағалар», «Ұлы жазушыға құрмет», т.б. кітаптары және республикалық «Қазақ әдебиеті», «Егемен Қазақстан», облыстық «Оңтүстік Қазақстан», жергілікті «Арыс ақиқаты», «Шалқар шырдары» газеттерінде түрлі тақырыпта жарияланған мақалалары қойылды.

Абай Құнанбаевтың 180 жылдығына орай ұлы ақынның ұлы мұрасын насихаттайтын көптеген кітаптар, шығармалар, аудармаларымен қатар белгілі абайтанушы Мекемтас Мырзахметұлының «Абайтану» сериясымен шыққан кітаптары, М.Әуездің «Ділім», «Абай – Пушкин», Заки Ахметовтың «Абай и Лермонтов», «Абай» өлеңдері мен аудармалары томдық жинақ, М.Әуезовтың 4 томдық «Абай жолы» қойылған.

Кешті Ардагерлер кеңесінің төрағасы Әбсаттар Жүніс ашып, игі шараның мән-мағынасына тоқталды, ақжарма тілегін айтып, қаламгерге құрмет көрсетті. Шараға қалалық Қоғамдық кеңес төрағасы Тәңірберген Әсіл, «Әкелер мектебінің» төрағасы Иманқұл Қалиев, қалалық мәслихат депутаттары Маханбет Төлебеков, Сейілхан Кенжебеков, ішкі саясат бөлімінің маманы Нұржан Құттыбек және ардагер аталар мен кимешекті әжелер хәм кеш иесінің жақындары қатысты. Ақындар арнауларын оқып, замандас ардагерлер мен бауырлары ақ тілегін айтып, кимешекті әжелер кезектесіп әннен шашу шашты.

Т.ӘБДІКОВ.